

1. Агенттік Бас қармасының "Еріксіз таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және не жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау ережесін және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2004 жылы 16 ақпандағы N 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2771 тіркелген, 2005 жылы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде N 19, 165-құжатында жарияланған) Агенттік Бас қармасының "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Бас қармасының "Еріксіз таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және не жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау ережесін және тарату комиссиясының төрағасы

асы мен мүшелеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" 2004 жылы 16 ақпандағы №41 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы №8 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4043 тіркелген) енгізілген толықтырулар мен өзгерістерімен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Еріксіз таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының тарату комиссиясын тағайындау және босату ережесі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптарда:

атауында орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) егер қаржы ұйымы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің немесе сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болса."

5 - тармақта:

үшінші абзацта:

"жүзеге асырылған кезде" деген сөздерден кейін "қаржы ұйымында тарату рәсімін жүргізу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу," деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе тарату комиссиясының төрағасы" деген сөздер, тарату комиссиясының төрағасы немесе мүшесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацта:

"жеке", " (келісім-шарты)" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 9)-10)" деген цифрлар және сөздер "Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 54-бабының 1-тармағының 7), 9), 10), 13)" деген цифрлармен және сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның немесе Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының лауазымды тұлғасын қоспағанда, борышкердің немесе таратылатын қаржы ұйымы кредиторының құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) не лауазымды тұлғасы;"

6-тармақтың 3) тармақшасындағы "(келісім-шартының)" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақ "күннен бастап" деген сөздерден кейін "он жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "кандидатура" деген сөз "кандидатура (лар)" деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші абзац "төрағасы" деген сөзден кейін "не мүшесі" деген сөздермен толықтырылсын ;

11-тармақтың бірінші абзацындағы "қорытындылар" деген сөз "қорытынды" деген сөзбен ауыстырылсын ;

13-тармақтың 2) тармақшасы "жүктелген міндеттерді" деген сөздердің алдынан "қаржы ұйымында тарату рәсімін жүргізу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу," деген сөздермен толықтырылсын ;

13 - 1 - т а р м а қ т а :

2) тармақшада "." деген тыныс белгісі ";" деген тыныс белгісімен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 3), 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) уәкілетті органның осы Ереженің 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның қызметкерлері арасынан тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін тағайындау туралы шешімі;

4) тарату комиссиясы төрағасының өз еркімен тарату комиссиясының төрағасы міндетін атқарудан босату жөніндегі өтініші;

5) тарату комиссиясы төрағасының тарату комиссиясы мүшесінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзуға байланысты тарату комиссиясы мүшесінің міндетін атқарудан босату жөніндегі өтініші. Уәкілетті органға өтініш тарату комиссиясының мүшесі өзінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу жөніндегі өтінішті, осы өтініштің көшірмесін қоса беріп, ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде беріледі. ";

13-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13-3. Біліктілік комиссиясы қорытындыны қарайды және тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін осы Ереженің 13-1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша міндеттерін атқарудан босату жөніндегі мәселені қарағанда, әңгімелесу үшін тарату комиссиясының төрағасын және (немесе) мүшелерін шақырады.

Біліктілік комиссиясының отырысы хаттамамен ресімделеді."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі .

3. Қ аржы ұ йымдарын тарату департаменті (З.С. Ж ұ мабаева):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға

а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру ұйымдарының , жинақтаушы зейнетақы қорларының тарату комиссияларына мәлімет үшін ж е т к і з с і н .

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А. Ә .Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова